

Жалелов Дулат Бейбітұлының 8D07501 - «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жоғары сiңiмдi жаңа буынды құрама жем өндiрiсi технологиясының нормативтiк қамтамасыздануы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p><u>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</u></p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p><i>Диссертацияның тақырыбы: «Жоғары сiңiмдi жаңа буынды құрама жем өндiрiсi технологиясының нормативтiк қамтамасыздануы». 2020 жылғы қазан айының 28-ші жұлдызында бекітілген (№104-Д бұйрық).</i></p> <p><i>Ғылыми жұмыс Erasmus+ KA107 халықаралық ұтқырлық бағдарламасына сәйкес орындалды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары 6 ай бойы жетекші шетелдік ЖОО-да Suleyman Demirel University (Turkey) жүргізілді.</i></p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.</p>	<p><i>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған. Автордың жеке үлесі жұмыстың теориялық және эксперименттік бөлігін жүзеге асырудан, әдеби деректерді талдаудан тұрады. Автор ғылыми нәтижелерді қорытындылады және ғылыми жарияланымдар түрінде рәсімдеді, жасалған өнімдерге өндірістік сынақ жүргізді, жаңа өнімнің нормативтік құжаттамаларын әзірледі.</i></p>

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Диссертация жоғарғы деңгейде орындалған. Диссертациялық жұмыс талапқа сәйкес рәсімделген және жоғарғы деңгейде мемлекеттік тілде сауатты жазылған. Диссертация авторының жеке қатысуымен ауқымды ғылыми-тәжірибелік зерттеулер жүргізілген және ғылыми мақалалар Халықаралық және республикалық деңгейдегі басылымдарда жарық көрген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 	<p>Диссертация тақырыбының өзектілігі негізделген диссертациялық жұмыстың маңыздылығы мен өзектілігінің ғылыми-тәжірибелік тұжырымдамасы (концепциясы) негізделген, диссертацияда келтірілген төрт тараулар жұмыстың ғылыми және практикалық нәтижелерін көрсетеді және олар ішкі біртұтастық принципке ие, сонымен қатар алға қойған мақсаттарға жету үшін, қажетті тапсырмалар мен міндеттерді шешуге, эксперименттерді жоспарлауға және жүргізуге, алынған нәтижелерді статистикалық өңдеуге негізделген. Алайда, жемшөп өнімдеріне қатысты құрама жем мен жемшөп қоспаларының қауіпсіздігі туралы техникалық ереже әлі жоқ, бұл қандай да бір жолмен құрама жем өндірушілерінің жұмысын қиындатады. Бұл жосықсыз тауар өндірушілерге тиімді болып отыр құрама жемнің сапасын анықтау қиынға соғады, фальсификацияны анықтау әдістері жоқ. Бұл қолданыстағы заңнаманың барлық талаптарын ескере отырып, кез келген жемшөп өнімдеріне өнімді және өнімсіз жануарлардың барлық түрлері үшін ұйым стандартын немесе техникалық шарттарды әзірлеудің өзектілігін түсіндіреді.</p> <p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды.</p>

		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	<i>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</i>
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	<i>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жазғынан толық байланысқан. Барлық бөлімдері бір-бірімен тығыз байланысқан, зертханалық жағдайда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі рет-ретімен баяндалып, қортындыланған.</i>
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	<i>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) осы уақытқа дейінге жүргізілген зерттеулермен салыстырылып, сыни талдау жасалып, зерттелген.</i>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	<i>Ғылыми деректер мен диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер және ережелер жаңа (90%) болып табылады.</i>
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	<i>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Оған төмеде келтірілген мәліметтер дәлел бола алады: - Термомеханикалық өңдеу кезінде құрама жем компоненттерінің ақуыз көмірсу кешенінде терең физика химиялық өзгерістерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әдіс ұсынылды нәтижесінде олардың сапасы жақсарады - Экструдер матрицасының коңустық сақиналы каналында өнімнің балқымасының қозғалысын модельдеудің алынған нәтижелерін</i>

			<p>талдау негізінде келесі тұжырымдар анықталды</p> <ul style="list-style-type: none"> - Пробиотиктерді қолданудың құрама жемнің қоректік және сіңімділігіне әсерін анықталды - Ірі қара малды жоғары қоректік және сіңімді құрама жеммен тамақтандыру нәтижелерінің өсіп келе жатқан бұзаулардың денсаулығына, өсуіне және фекальды микробиотасына әсері анықталды - Қажетті сапалы өнім алу үшін экструзиялық жабдықтың конустық сақиналы каналының құрылымы жетілдірілді - Жаңа буынның жоғары сіңімді құрама жем өндірісінің технологиялық желісі әзірленді - Жаңа буынның жоғары сіңімді құрама жем өндірісінің ресурс үнемдеуші технологиялары бойынша әдістемелік ұсыныс әзірленді - Ірі қара малға пробиотик қосып, жоғары қоректік және оңай сіңетін эктрудталған жемге арналған кәсіпорын стандарты әзірленді <p>Кәсіпорыннан әзірленген жобалар МЕМСТ 9268 2015 негізгі ережелеріне сәйкес келеді</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚазҰАЗУ кәсіпорны ст жобаларының талаптарына сәйкес жаңа жем түрлеріне дайындалған ірі қара малға пробиотик қосып, жоғары қоректік және оңай сіңетін эктрудталған жем өндіруге арналған технологиялық нұсқаулық әзірленді - "ЖК жағдайында өндірістік сынақтар жүргізіліп, акт жасалды нәтижесінде қожалыққа арналған ұсыныс әзірленді
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері ішінара жаңа және ғылыми деректерге негізделген болып табылады. Себебі, келтірілген әдістемелер әлем бойынша кеңінен пайдаланылады, алайды</p>	
6.	Негізгі	Барлық негізгі	Барлық қорытындылар ғылыми

	қорытындылардың негізділігі	қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	<i>тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</i>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.1 Қорғауға шығарылған барлық қағидаттар толық дәлелденген.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған барлық қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Flow vision компьютерлік бағдарламасын қолдана отырып, конусты-сақина арнасындағы балқыма ағынын оңтайландыру арқылы қоректік экструдердің құрылымы жетілдірілді. Экструдаттың бетіне үздіксіз араластыру кезінде "Saccharomyces cerevisiae boulardii T8-3C" (SCB) сұйық пробиотиктері бүркіледі. Әрі қарай қысым атмосфераға дейін біртіндеп артады және сұйық компоненттер қысымның төмендеуіне байланысты экструзияланған түйіршіктердің кеуекті құрылымына тиімді енеді.</p> <p>7.4 Диссертация жұмыс аясында алынған нәтижелер кеңінен қолданылған.</p> <p>7.5 Алынған нәтижелердің бәрі мақалаларда толық дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>1) Ия</p> <p><i>Зерттеу әдіснамасын таңдау ғылыми тұрғыда негізделген және диссертацияның тиісті бөлімінде толықтай сипатталған.</i></p>


	дәйектілігі		<i>Диссертациялық жұмыста зерттеудің заманауи әдістері мен қатар зерттеудің жалпы қолданыстағы әдістері келтірілген.</i>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	1) Ия <i>Диссертациялық жұмыста келтірілген ғылыми ақпараттар мен нәтижелердің дәйектілігі ғылыми-методологиялық және әдістемелік материалдармен, қолданылған заманауи құрал-жабдықтармен дәлелденген.</i> <i>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</i>
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	1) Ия <i>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулердің нәтижелерімен және өндірістік сынақтардың актілерімен дәлелденген және расталған. Және ірі қара малға пробиотик қосып, жоғары қоректік және оңай сіңетін экструзияланған жем өндіру технологиясы инновациялық үлесті білдіреді.</i>
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	<i>Диссертациялық жұмыста нақты маңызды, ғылыми-тәжірибелік мәлімдемелер келтірілген және олар сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</i>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	<i>Диссертациялық жұмысты жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.</i> <i>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 209.</i>
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	1) Ия <i>Теориялық зерттеуде Қазақстан</i>

		<p>1) бар; 2) жоқ.</p>	<p>Республикасындағы құрама жем өнімдерін стандарттаудың мәселелерін қарастыра отырып, еліміздегі стандарттау саласының даму жоспарын талдап, ұсынылып отырған жоғары қоректік және оңай сіңетін экструзияланған жем өндіру технологиясының нормативтік базасындағы мәселелерді табу жоспарланған</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Бұл диссертацияның практикалық маңыздылығы жоғары және өндіріс үшін тәжірибелік жағынан өте құнды болып табылады. Докторанттың нәтижелерін құрама жем өндірісінде қолдану ықтималдығы күмән тудырмайды.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа болып табылады. Әзірленген кәсіпорын стандарттары негізінде жаңа құрама жем өнімдерін өндірудің технологиялық нұсқаулығы және өндіріске ұсыныс әзірленген.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыс авторының еңбегіне ұқсас жазылған басқа авторлардың еңбектерін сілтемесіз пайдалану фактісі кездеспейді. Диссертациялық жұмыс жазу барысында академиялық адалдық сақталған.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>1. Диссертация мәтінде кейбір ғылыми терминдердің қазақша аудармасында қателіктер бар. 2. Жұмысты орындауда аздаған стильдік және грамматикалық қателер орын алған. 3. Диссертациялық жұмыстың соңында көрсетілген пайдаланылған әдебиеттер тізімінде кейбір әдебиеттердің беттік санында қате кеткен. 4. Диссертациялық жұмыста құрама жемнің химиялық анализдерінің актілері қосымшада келтірілмеген. Кез-келген ғылыми жұмыс ескертулерсіз болмайды, әрі ол зерттеу маселесіне деген сыртқы көзқарас екенін ұмытпағанымыз жөн. Оның үстіне берілген ескертулер мен ұсыныстар принципалдық сипатқа ие емес және жүргізілген ғылыми жұмыстың жалпы концепциясына, маңыздылығына және ғылыми жаңалығына қайшы келмейді.</p>	
12.	Докторант мақалаларының	<p>Жалелов Дулат Бейбітұлының диссертация бойынша жазылған мақалаларының ғылыми деңгейі зерттеу тақырыбы бойынша</p>	

<p>зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	<p>сәйкес келеді. Диссертация тақырыбы бойынша 4 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде Scopus "Eastern-European Journal of Enterprise Technologies" (Cite Score 2022 - 2.0, процентиль – 46), Potravinarstvo Slovak Journal of Food Sciences (cite score 2022 - 2,5, процентиль – 44) және 1 Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен 1 ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК құрамына кіретін мерзімді басылымдарда.</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>Жалелов Дулат Бейбітұлының «Жоғары сiңiмдi жаңа буынды құрама жем өндiрiсi технологиясының нормативтiк қамтамасыздануы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы қойылған талаптарға сай келедi, 8D07501 — «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)» бiлiм беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесiн алуға толық лайықты деп есептеймiн.</p>


РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТ:


Алматы технологиялық университеті, «Астық өнімдері және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының доценти

 **Жиенбаева С.Т.**
(қолы, тегі, аты-жөні)


Мерзімі « 17 » 20 25 жылы

АТУ

Қолы 

Подпись 

ҚБББ қолданырылған

Заверено нәч. ОУП 

« 17 » 20 25 ж.

